

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕКТЕР

БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА:

Оқу ақысы үшін жеңілдіктер беру («Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ студенттеріне оқу ақысы үшін жеңілдіктер берутуралы» Ережеге сәйкес, ақпарат сайтта)

Ата-анасынан немесе ата-анасының қамқорлығынан айырылған және қамқоршысы бар білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету (2021 жылға):

- Емтихан нәтижесі бойынша «Өте жақсы» деген үлгерімі бар білім алушының стипендиясына 30% қосымша үстемақы төленеді (30.12.2015 ж. Қазақстан Республикасының №1134 редакциялық Қаулысына сәйкес)

- ай сайынғы тамақ үшін берілетін ақшалай өтемақы (күніне 1690,5 тг)

- бір реттік киім үшін берілетін ақшалай өтемақы (1 және 4 курстар – 127 923 тг, ал 2 және 3 курстар – 100 000 тг)

- мемлекеттік стипендияның 50% мөлшеріндегі стипендия тағайындалады (07.02.2008 ж. Қазақстан Республикасының №116 – «Білім беру мекемелерінде мемлекеттік стипендия тағайындау, төлеу және мөлшері» Жарлығының 21-тармағына сәйкес)

- оқуға түскенде (2 АЕК) және оқу бітірген кезде (4 АЕК) берілетін бір реттік ақшалай жәрдемақы (12.03.2012 ж. Қазақстан Республикасының №320 Жарлығына сәйкес)

ЖАЛҒАСЫ:

- Мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың (көру және есту қабілеті нашар) стипендиясына 75% қосымша үстемақы төлеу (07.02.2008 ж. Қазақстан Республикасының №116 – «Білім беру мекемелерінде мемлекеттік стипендия тағайындау, төлеу және мөлшері» Жарлығына сәйкес)
- Нұр-Сұлтан қаласындағы қоғамдық көлікте жүру үшін билет құнының 50% мөлшерінде ақшалай өтемақы төлеу (тиісті құжаттарды тапсырған жағдайда) (Нұр-Сұлтан қаласы Маслихатының 23.09.2015 ж. №410-57/V шешіміне сәйкес: әкімдікпен бірлесіп, ерекше білім алушыларға – ата-анасынан айырылған, аз қамтылған немесе көп балалы отбасынан шыққан жандарға беріледі). Құжаттарды қабылдау/тапсыру бойынша факультеттегі Студенттермен жұмыс жөніндегі декан орынбасарына хабарласуға болады)
- Студенттер үйінде тұру жеңілдіктерін беру (ерекше білім алушыларға – мүмкіндігі шектеулі, ата-анасынан айырылған жандарға ақысыз жатын орын беріледі)
- Студенттік кәсіподақ ұйымы арқылы аз қамтылған және көп балалы отбасыдан шыққан студенттерге материалдық көмек көрсету («Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ студенттеріне әлеуметтік (материалдық) көмек көрсету туралы» Ережеге сәйкес)
- «Доктор Абдугалимов клиникасындағы» медициналық көмек (міндетті тіркеуден өткен білім алушыларға)

ЖАЛҒАСЫ:

- Халықаралық, республикалық және қалалық фестиваль мен байқаулардың, олимпиадалар мен жарыстардың жеңімпаздарын ынталандыру («Білім, ғылым, спорттық және қоғамдық қызмет саласында жетістігі бар білім алушыларды ынталандыру туралы» Ережеге сәйкес)
- «Тұмар» оқу-сауықтыру орталығына берілетін жолдамалар (Ақмола облысы, Зеренді кенті)
- Психолог және теолог мамандардың жеке консультациясы (Әлеуметтік және азаматтық даму департаменті)
- Университеттің студенттік кинотеатры мен әр түрлі бағыттағы спорт секцияларына ақысыз қатысу (№ 5 Студенттер үйі)

Әлеуметтік жұмыс бөлімі
Бас ғимарат, №304 каб. (Сәтбаевкөш., 2),
тел.: +7(7172) 709462, ішкі: 31 115

Қосымша ақпарат:

 @zhastarenu

 @senim_enu

